ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
СОТЫ

Жезқазған қ., Желтоқсан к. 29

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ

г. Жезказган, ул.Желтоксан 29

№ 6213-25-5-21/2810

ЖШС "Бектан"

"Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" ММ

ЖАНДАУЛЕТОВ КАЙРАТ СЕРИКБАЕВИЧ

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты сізге №6213-25-00-2/489 азаматтық іс бойынша, ұйғарым мен талап қоюдың көшірмелерін жолдайды

Тіркемеде: ұйғарымның көшірмесі, талап қою.

Судья **Д.Мұстафин**

Құжатты жасаған: ЖУМАБЕК З.Н., 990057, /10-090b@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: МУСТАФИН Д.Е., 11.07.2025 17:36

Ұлытау облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотына

Талап қоюшы: Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі ММ басшысының м.а. Жандаулетов Кайрат Серикбаевич
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті,Тәуелсіздік даңғылы, 1
индекс 100500,
тел: 8 702 632 2008
БСН 06040014480

Жауапкер: «Бектан» ЖШС басшысы Дюсембеков Серикбол Жарылганович, қолданыстағы Жарғының негізінде
Жезқазған қаласы, Юрий Гагарин, 28,
тел: 8 777 999 0092
БСН 250340030528

Талап қою арыз

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) және "Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" ММ-сі (Тапсырыс беруші) 2025-06-09 ж. №14799599-ОК1 «Ашық конкурс» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 7 593 600 (жеті миллион бес жүз тоқсан үш мың алты жүз) теңге «Бектан» ЖШС-мен (Мердігер) "Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Жаңаарқа кентіндегі Жаңа Нұр шағын ауданының жылу желілерін ағымдағы жөндеу" жұмыстарын орындауға 10.06.2025ж. №54 келісім шарт жасалған.

Осы шарт аумақтық қазынашылық органда тіркелгеннен кейін күннен бастап күшіне енеді.

Шарттың талаптары бойынша мердігер шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 2 916 245,94 (екі миллион тоғыз жүз он алты мың екі жүз қырық бес теңге тоқсан төрт тиын) теңгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету міндеттелінген.

Алайда, жоғарыда аталған шарт бойынша мердігер шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 2 916 245,94 теңгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етпеген.

Тапсырыс беруші тарапынан мердігерге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 2 916 245,94 теңгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз жөнінде хабарлама жіберілді.

Алайда бүгінгі күнге дейін аталған мердігермен міндеттеме орындалмаған.

Осы шартты бұза отырып, Медігер шарт бойынша өз міндеттемелерін сапалы, толық орындамаған.

ҚР азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес міндеттеме міндеттеменің талаптары мен заңнама талаптарына сәйкес тиісті түрде орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 616 – бабына сәйкес «Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекеме ретінде мемлекеттік бажды төлеуден босатылды.

СҰРАЙМЫН:

«Бектан» ЖШС – ін жозықсыз қатысушы тізіміне енгізуді.

Талапкердің банктік деректемелері:
"Жаңаарқа ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ Орналасқан жері: индекс 100500, Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Тәуелсіздік көшесі 1
БСН 060140014480
ЖСК KZ33070103KSN3022000
Банк: ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті РММ
БИК KKMFKZ2A

Қосымша:
1. Талап арыз-1 дана;
2. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама-1 дана;
3. 2025 жылғы 10 маусымдағы № 54 шарт;
4. Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жіберілген хабарлама көшірмесі.
5. Мемлекеттік мекеменің (талапкердің) құрылтай құжаттарының көшірмелері);

Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі ММ-нің басшысының м.а. К. Жандаулетов

Кіріс № 6213-25-3-1/520 Статистикалық есеп жолы 98

ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 10 шілде Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.Е.Мұстафин, талап қоюшы «Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бектан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен танысып,

АНЫҚТАДЫ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 133-1-бабының екінші бөлігіне сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу талап қоюшы таңдаған сотқа жүгіну тәсіліне қарай қағаз немесе электрондық форматта жүргізіледі.

Талап қою электрондық форматта берілді.

Талап қою нысаны, мазмұны және қоса тіркелген құжаттары бойынша АПК-нің 148, 149-баптарының талаптарына сай келеді, талап қоюды қабылдаудан бас тарту немесе оны қайтару үшін АПК-нің 151, 152-баптарында көзделген негіздер жоқ.

АПК-нің 27-бабының талабына сәйкес талап қою Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуға жатады.

Талап қоюшы ұсынған материалдар талап қоюды соттың іс жүргізуіне қабылдауына жеткілікті.

АПК-нің 14-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Талап қою мемлекеттік тілінде берілді, сондықтан іс бойынша сот ісін жүргізу мемлекеттік тілінде жүргізілуге жатады.

АПК-нің 267-2-бабының екінші бөлігіне сәйкес егер осы Кодекстің 267-1-бабы үшінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар болмаса, талап қою ісін жүргізудің өзге де істері тараптардың өтінішхаты бойынша немесе соттың бастамасы бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін.

АПК-нің 267-3-бабының үшінші бөлігіне сәйкес жауапкерге немесе басқа да мүдделі тұлғаларға талап қоюға пікір ұсыну үшін мерзім белгіленсін.

Құжатқа қол қойылған: Мұстафин Д. Е., 10.07.2025

АПК-нің 14, 267-2, 267-3, 268, 269-баптарын баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ҰЙҒАРДЫ:

1. Талап қоюшы «Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бектан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қабылдансын.

2. Электрондық азаматтық іс қозғалсын.

3. Мемлекеттік тілі сот ісін жүргізу тілі болып белгіленсін.

4. Тараптарға хабарлансын, жауапкер өзі негіздейтін құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) және талап қоюшыға оның көшірмесінің жолданғанын растайтын құжат ұсыну үшін жауапкерге 2025 жылдың 31 шілдесіне дейін мерзім белгіленсін.

«Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2025 жылдың 28 шілдесіне дейін:

- қорытынды хаттамасын;
- келісу журналды (толық);
- шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын тіркеуі;
- шарттың бұзуы туралы мәлімет ұсынуға міндеттелсін.

5. Өтініштер, өтінішхаттар, пікірлер және өзге де құжаттарды 710-2460@sud.kz электронды поштасына жолдауға болады.

Хат-хабар алмасуға арналған мекенжай: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Желтоқсан көшесі, 29-үй.

Қосымша ақпарат алу үшін 8-705-743-29-99 (WhatsApp) телефоны арқылы жүгінуге болады.

6. Пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін судья белгілеген мерзімдер өткеннен кейін судья тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайды.

Судья **Д.Е.Мұстафин**

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д.Е., 10.07.2025